Әрбір тарауда және толық жұмыс бойынша келесі нәтижелер беріледі, шығарылған жұмыстың мәні және жобалы шешімдердің жүзеге асыруына кепілдемелер мазмұны көрсетіледі.

Жерге орналастырушылық тиімділігін анықтау үшін қолданыстағы және жобалану жылындағы жерге орналастыру өндірісін, территориясын, жерді қорғау және пайдалануда қабылданған шешімдерді салыстыру немесе «жобамен» және «жобасыз» жұмыс принципін қолдану қажет.

Түсіндірме қағаздың бір тарауында жерге орналастыру жобасын орындаудың негізгі шаралары өңделген болуы тиіс, ал қорытындыда - шараларды нәтижелілігі баяндалады және жұмыс техника - экономикалық көрсеткіштері келтірілген «жобасыз» оқиға жағдайына берілген шамалар көрсетіледі. «Жұмыстың техника - экономикалық көрсеткіштері» кестесінде салыстыруда жерге орналастырушылықты, олардың тиімділігі мен нәтижелілігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер қаралады.

«Өмір қауіпсіздігі» тарауында бітіруші жұмыстың тақырыбымен сәйкестік анықталады, және еңбек шарттарын, қауіпсіздік техникасы, өрт сөндіру қауіпсіздігі және нақты жұмыс түрінде жаракаттану ескертулерін жақсару сұрақтарының өңдеуіне арналған.

Бітіруші жұмыстың табыстылығы көптеген жағдайда студентпен ғылыми жетекші арасындағы байланысқа, кеңестер кестесінің сақталуы, күнтізбелік жоспардың уақтылы орындалуы тәуелді болады. Апта ішінде 1-2 кеңес өткізу ұсынылады. Кеңестердің күндері және сағаттарын жұмыстың ғылыми жетекшісі тағайындайды. Белгіленген күндерге кеңестерге қатысу студент болып келеді. Ғылыми жетекші кеңестерінің уақытында бөлек әдістемелік жайларды, бітіруші жұмыстың ең қиын сұрақтарын түсіндіреді, өтіп кеткен аптадағы студенттің орындаған жұмысы бөлімі тексереді және келес тапсырманы береді. Бітіруші жұмыстың өңдеу барысында кездесетін күрделі қиын сұрақтарды талқылауда студентке ғылыми жетекші және кеңесшілер көмектесуге тиісті.

Түсіндірме қағаз, бітіруші жұмыстың бөлімдерінің бірі болғандықтан, өңдеу кезеңінде көп назар ауарғанды және уақытты талап етеді. Сонымен қатар бітіруші жұмыстың графикалық бөлімін соңы уақытқа қалдырмауға тырысу қажет. Ол есептеулермен және түсіндірме қағазды жазумен параллель орындалуы тиіс. Есте сақтау қажет, жұмыстың мәтіндік бөлімі – бұл жұмыстың графикалық бөлімінің негізделуі және түсініктемесі, түсіндірме қағазының көркемделуі болып келеді.

Жұмыстың графикалық бөлімі анықталған ережелерге сәйкес қабылданған шартты белгілер және белгілеулермен, жұмыстың құрама бөлімдері және жұмыс элементтері барлығы көрнекті көрсетілген, яғни натураға саятын болуы қажет.

VIII . Бітіруші жұмыстағы ғылыми зерттеулер

Өңделетін тақырып сұрақтарының біреуін орындау барысында студенттің зерттеу жұмысы ерекше орынға ие. Мемлекеттік аттестациялық комиссиямен (МАК) мүшелері мен рецензент назарында қабылданатын бітіруші жұмыстың басты бағалау критерилері болып келетін алынған нәтижелер мен қабылданған іздену әдістері маңызды болып келеді.

Комиссия еске алады: зерттеу тақырыбының өзектілігі, студент - бітірушісінің алдына қойылған мақсаттарға жету дәрежесі және мақсаттары,

нәтижелердің жаңалығы, зерттеулер әдістерінің осы заманға сай болуы және басқалар.

Ғылыми зерттеулер бірнеше кезеңде өткізіледі:

- зерттеу тақырыбын таңдау;
- болжам өңдеу және зерттеу бағдарламасы;
- зерттеу тақырыбы сұрақтарының қазіргі замандағы күйі;
- зерттеу тәсілдерінің, әдістерінің және қабылдаулардың анықтамасы;
- зерттеу өжүргізу;
- бітіруші жұмыстың контекстінде дайындалған зерттеу нәтижелерінің безендірілуі.

Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдауы студентпен жұмыс жетекшісімен бірге жүзеге асырады. Бұл кезде зерттеуге қойылатын негізгі айқын талаптарды есепке алу қажет. Оларға мыналар жатады: жерге орналастырушылық айқын мақсатын шешу **өзектілігі**, теориялық және практикалық **пайдалылығы**, жаңа ғылыми ойларды іздеулер немесе қойылған мақсат шешімдерің **жаңа көзқарас және әдісі**, жерге орналастырушылық кафедрасы ғылыми мақсаттарды шешудегі **басымшылық**, ғылыми - зерттеу жұмысының орындалу **нақтылығы** (ҒЗЖ), яғни, айқын ғылыми және өндіріс жағдайын бар екендігі.

Зерттеу тақырыбы студентте оқытушымен дара көрсетіледі және безендіріледі «ғылыми зерттеу өткізуіне тапсырмада» (қосымша 6). Бұл тапсырманы студент диплом алды тәжірибелілерден өту мерзімінде алуы қажет және сол уақытта зерттеу жұмыстарын бастау қажет.

Зерттеу жүргізуге негізгі болып мыналар жатады: объекті аумақтарын әртүрлі тексерулер материалдары (топырақтық, мелиоративтік, геоботаникалық, жолдық және басқалар), агроэкономикалық және жерге орналастырулық дайындау көрсеткіштері, комплексі (жерге орналастырулық немесе арнайы) сызбалы ғылыми тексерулер, схемалар немесе жерге орналастырушылық жұмыстары және басқалары қолданылады.

ҒІЖ таңдалған тақырыбымен зерттеу бағдарламасы құрастырылады, онда орналастырады: шешуді қажет ететін зерттеу мақсаты және негізгі сұрақтар, зерттеу әдістері, жұмыстың бөлек кезеңдерінің басталу және аяқталу мезгілдері, жобамен көлем анықталады, жоспарланушы ғылыми еңбектің архитектуронасы және құрылымы, көрнекті материалдар.

Бұл периодта ғылыми гипотезаларды дайындауға және алдын ала экономикалық зерттеулер әдісін таңдауға ерекше назар аударылуы тиіс. Ғылыми гипотеза ретінде шығармашылық, абстрактілі-логикалық, дәлелдеуді қажет ететін, мәселелерді шешу жолындағы, құбылыстар мен процестердің дамуы барысында пайда болатын салдарлардан туатын болжамдарды қажет етеді.

Дәл қисындалған гипотеза, олардың негізгі идеялары ҒЗЖ нәтижелерінің объективтілігіне ықпал етіп қана қоймай, барлық ғылыми іс әрекеттің сәттілігі мен ұзақтығын анықтайды.

Бұрыннан бар білімдер мен тәжірбиелерге негізделген гипотезалар стохастикалық сипаттамаға ие болады және тексеруді қажет етеді. Мысалы, эрозиялық факторларды кешенді талдаумен байланысты зерттеулерді орындау кезінде барлық антропогенді және экологиялық факторлардың өзара тәуелділіктерін көрсететін, және мекемелердің өндірістік қамтамасыз етілуіне, еңбек және басқа да ресурстармен қамтамасыз етілуіне қарай жер сапасына байланысты өсімдік өсіру өнімдерінің құнының өзгеруін ескеретін әдістеме ойлап табылуы мүмкін екендігін алға тартатын гипотеза дайындалуы мүмкін. Немесе нарықтық экономика және жаңа жер қатынастары өту жағдайында пайдаланылатын жер өлшемдері, ауылшаруашылық мекемелерінің және олардың салаларының өндіріс структурасы жекеменшік формасына және тағы да басқа шарттарға сәйкес келуі қажет екендігі жөнінде гипотеза алға тартылады.

Экологиялық жағдайдың нашарлауы экологиялық-ланшафттық негізде жерді қолданыстағы жерлердің, ауылшаруашылық мекемелерінің егіндіктердің табиғи құрамды бөлігі ретінде ерекшеліктерін ескеретін жерге орналастырудың жаңа әдістемелерін ойлап табу қажеттілігін тудырып отыр.

Ғылыми гипотезаларды растау үшін әртүрлі зерттеу әдістері қолданылады. Мысалы, инвестициялық жобалардағы және жерді қорғау мен пайдалануды ұйымдастыру бағдарламаларындағы техникалық және экономикалық көрсеткіштердің өзара тәуелділіктерінің сипаттамалары мен структурасы жөніндегі гипотезаны тексеру үшін экономикалық-математикалық әдістер мен модельдер қолданылады.

Қоршаған орта факторларының, соның ішінде ауыр металдармен ластанған жердің ауылшаруашылық өнімдерінің сапасына ықпалы туралы гипотезаны тексеру үшін, зерттелген құбылыстар арасындағы мөлшерлік өзара тәуелділікті анықтауға және ауылшаруашылық жерлерін рационалды пайдалану жолдарын таңдауға мүмкіндік беретін корреляционно-регресстік талдау жасалынады.

Егер тәжірибе гипотезаны растаса, онда ол ғылыми теория немесе әдістеме болып шығады. Гипотеза жартылай расталса, оған түзетулер енгізу қажет. Болмаған жағдайда оны қайтарып, жаңа гипотеза дайындалады.

Зерттелетін мәселенің даму деңгейі мен оның қажеттілігін анықтау мақсатында жерге орналастыру, экономикалық және ауылшаруашылық бағытындағы әдебиеттер іріктеліп, оларға талдау жасалынады.

Ол үшін мына ізденістерді жүзеге асыру ұсынылады: а) зерттеу тақырыбындағы қажетті библиографиялық мағлұматтар; б) әдебиет көздерінің өзі; в) студентті қызықтыратын нақты ақпараттар.

Белгілі бір ғылыми және әдістеме көздері ұсынылатын әдебиеттер тізімінде (қосымша 13) және ғылыми еңбектер тізімінде болады. Студент әдебиет көздері мен олардан алынатын нақты мағлұматтарды кітапханадан, кафедраның ғылыми - әдістемелік кабинетінен, жұмыстың ғылыми жетекшісінен ала алады. Әдебиеттерді оқу барысында студент жоспардағы зерттеуді бөлім бойынша жүйелеп, реферат немесе әдебиеттерге шолу түрінде рәсімдейді.

Заманауи ғылым кең спектр және әдістер аппаратына, зерттеулер тәсілдері мен әдістеріне ие. Сондықтан студент оларды игерумен қатар, зерттеу тақырыбын ғылыми тұрғыдан объективті және принципіалды дұрыс ашатын, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізетін ғылыми зерттеу әдістерін таңдай алуы тиіс.

Жерге орналастыру мен оның экономикасы облысындағы зерттеу әдісі ретінде нақты жерге орналастыру немесе экономикалық мәселелерді шешуге, қарастырылатын процестер мен құбылыстар заңдылықтары мен мәнін ашуға қабылданған ережелер алынады.

Жалпылай өзара мәселелерді шешу үшін бірнеше әдістер жинағын қолдану барысында жерге орналастыру зерттеулерінің әдістемесі қалыптасады. Оның ерекшелігі ұйым территориясы мен онымен байланысты өндірістік процестерді зерттеу жердің өзіндік қасиеттерін, оны рационалды пайдалану және компьютерлік технологиялар мен геоинформациялық арқылы қорғауды меңгеруге бағытталған.

Зерттеу мақсаты мен этапына, зерттелетін құбылыс пен процесс сипатына қарай жерге орналастыру жұмыстарында жиі пайдаланылатын ғылыми зерттеу жұмыстарының келесі түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) Есепті - конструктивті және варианттық;
- 2) Абстрактылы - логикалық;
- 3) Экономика - статистикалық;
- 4) Математика - статистикалық;
- 5) Баланстық ;
- 6) Экономика - математикалық модельдеу;
- 7) Экспериментальды.

Зерттеу процесі жинақталған материалдар мен әдебиет көздерін оқып меңгеру және өндеуден, объекттің нақты күйіне қолданылатын мәселелерді шешу ерекшеліктерін, сондай-ақ ұсыныстарды қарастырып, олардың тиімділігін анықтаудан тұрады.

Есепті-конструктивті және варианттық әдістерді қорытынды жұмыстың есептер орындалатын және территорияны ұйымдастыру, жерді пайдалану және қорғау жөніндегі нақты ұсыныстар мен конструктивті шешімдер дайындалатын негізгі бөлімдерін жасау кезінде қолданады.

Есепті-конструктивті әдіс берілген параметрлер бойынша қолда бар және жоспарлы ресурстардың түрлері мен мөлшерлерін нормативті базамен үйлестіре отырып шешімді модельдеуге мүмкіндік береді.

Есепті-конструктивті әдіс көмегімен пайдаланылатын жерлер мен егіндіктерді ұйымдастыру сұрақтары шешіледі, жерлер мен ауылшаруашылық өндірісі структураларының өлшемдерін қоюға болады.

Есепті-конструктивті әдіс ауылшаруашылық мекемелерінің шаруашылық іс әрекетін және өсімдік өсіру, мал өсіру салаларын жоспарлайтын ғылыми негізделген техника-экономикалық нормативтерін жасайтын өндірістік-экономикалық элементтерінің оптимал мөлшерлік концепциялары базасында дайындалады.

Пайдаланылатын жерлерді ұйымдастыруға ықпал ететін жағдайлар мен факторларды толықтай ескеруге мүмкіндік беретін бұл әдіс өндірістік бөлімшелерге тіркелген ауылшаруашылық жеміс жидектер ауданын, егіндік ауданын және жер массивтерін, басқа да шаруашылық учаскелерін таңдаудағы бастысы болып табылады.

Нәтижелер белгісіздігі және логикалық негіздемелер жеткіліксіз болғанда, белгілі бір шешімнің артықшылығы айқын болмаған жағдайда есепті-конструктивті әдіс вариантты әдіспен толықтырылады. Оның мағынасы ең дұрыс шешім қабылдау үшін варианттарды салыстыру принципі сақталатын болса, бірнеше ықтимал шешімдер көрсеткіші бағаланады, сарапталады және дайындалады. Жұмыс варианттары өндірісті ұйымдастыру, әлеуметтік және басқа да (егіндіктер мен пайдаланылатын жерлер ауданы, өндіріс көлемі, салалардың мамандандырылуы, жұмыс күшімен қамтамасыз етілуі, энергожарақтану деңгейі және т. с. с.) шарттар бойынша бір территорияны қамтуы, және олардың әрқайсысы территорияны ұйымдастыру элементтерін жобалауға қойылатын талаптарға жауап беріп, ортақ критерийлер бойынша бағалануы тиіс.

Шешім варианттары бүтіндей жұмыс бойынша, сондай-ақ жалпы мәселедегі жеке сұрақтар бойынша дайындалуы мүмкін. Варианттық әдіс мыналарды негіздеу кезінде жиі қолданылуы мүмкін: территориалды өндірістік бөлімшелердің және мал шаруашылық фермаларының рационалды өлшемдерін; егіндіктер өлшемдерін, мөлшерін және типін; территорияны топырақ қорғау талаптары бойынша ұйымдастыру; жұмысшы учаскелер мен егістіктерді орналастыру; территорияны инженерлік жабдықтау.

Бұл әдістің басқа әдістермен салыстырғандағы артықшылығы оны қолдану кезінде зерттелетін функцияға тәуелді барлық параметрлерінің, мысалы егіндік, егістік өлшемдерінің т. с. с., өзгерісін толықтай және дәл ескеру қажет. Варианттық әдістің еңбек сыйымдылығына қарамастан, алға қойылған мақсаттарға жету варианттар көрсеткіштерін мұқият сұрыптау жолымен жүзеге асырылады. Варианттарды бағалауда критерий ретінде алынатын және ең жоғары көрсеткішті қамтамасыз ететін вариант ең тиімді болып саналады. Мысалы, барынша көп табыс және дисконтталған таза табыс көрсеткіші, еңбек күші мен материалдық-ақша шығындары аз жұмсалып, өнім бағасы жоғары болса, өндірістің жоғары рентабельділігі, капиталдық салымдардың қайтарым периодының аздығы, максимал ішкі табыс нормасы.

Абстрактылы – логикалық әдіс белгілі бір білім деңгейін және ойлау динамикасын талап ететін ең күрделі әдістердің бірі болып табылады. Оның мағынасы зерттелетін құбылыстың сыртқы қасиеттерін ойша бөліп тастап, құбылысты бөліктерге бөліп қарау арқылы ішкі мәнін, өзіндік ерекшеліктерін мен заңдылықтарын ашу болып табылады.

Абстрактылы – логикалық әдісті қолдану міндетті түрде ғылыми тәсілдер жинағымен қоса жүреді: талдау және синтез, индукция және дедукция, абстрактылықтан нақтылыққа өту. Мәселе шешімін табу, өндіріс өнімділігін арттыру үшін, жерді пайдалану тиімділігін бағалау мақсатында жерге

орналастыру жұмыстарынан бастамастан бұрын, ауылшаруашылық мекемелерінің шаруашылық іс-әрекетін экономикалық сараптаудан басталады.

Талдау шаруашылық процесін, мекеме немесе оның бөлімшесінің өндірістік-экономикалық жүйесіндегі ролі мен орнын анықтауға мүмкіндік беретін, жекелеген компоненттерге бөліп қарастыруға бағытталған.

Синтез, таралған процестер мен құбылыстарды тұтастырып біріктіретін құрал есебінде, зерттеуді жаңа сапалық деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Индукция және дедукция әдістері инженердің тәжірбиелік іс-әрекетінде жерге орналастыру және басқа да шешімдерді дәлдеп, нақтылайтын ілгерілемелі жақындау әдісіне ауысады. Бұл жерде «жалпыдан жекеге» принципі бойынша, және керісінше біртіндеп жүргізілетін ойша пайымдаулар мен операциялар желісі пайда болады. Алдымен жалпы, негізгі жұмыс мәселелері, соңынан әртүрлі ретпен (кему бойынша) жекелеген сұрақтар қарастырылады. Жекелеген сұрақтарды шешу кезінде бұрыннан қабылданған шешімдер жүйелі түрде айқындалады.

Экономика - статистикалық әдістер. Экономикалық зерттеулер әдістері арасында экономика-статистикалық әдістер көптен бері кең қолданысқа ие болған. Бұл топқа мына әдістер кіреді: экономикалық салыстырулар, орташа шамалар, динамика қатарлары, индексті, топтау және желілі ауыстыру.

Экономикалық салыстыру әдісі жаңа бастаған зерттеушілер үшін ең қарапайым және қолайлысы болып табылады. Шаруашылық ішілік жерге орналастырудағы ауылшаруашылық жер пайдалану мәселелерін шешу кезінде, жерге орналастыру және ауылшаруашылық мекемелерінің өндірістік көрсеткіштерін салыстыру үшін мыналарды жиі салыстырады:

- 1) Жылдық жерге орналастыру күйімен;
- 2) Тәжірибе станциялардың берілгендерімен;
- 3) Алдыңғы қатардағы шаруашылықтар көрсеткіштерімен;
- 4) ҒЗИ ұсыныстарымен;
- 5) Жоспаралды, бағдарламалық дайындамалармен;
- 6) Экономика – математикалық есептердің экономикалық моделі мен оптимал шешімдерімен;
- 7) Шаруашылықтың перспективті қызмет етуін қамтамасыз ететін жұмыс варианттарымен және сценарийлік даму шарттарымен.

Экономикалық салыстыру кезіндегі зерттеу мақсаты —мыналарды бағалау: ауылшаруашылық мекемелерінің өндірістік, инвестициялық және қаржылық функциясы мен параметрлерін; бүтіндей жұмыстың немесе оның жекелеген бөлігінің тиімділігі мен нәтижелілігін; жұмыстан нақты ауытқуларды, жерге орналастыру кезіндегі өндіріс резервін, пайдаланылатын жерлерді жақсарту жолдарын анықтау.

Экономикалық салыстырудың өте маңызды принципі - көрсеткіштер салыстырмалылығы. Оны сақтау үшін, ең алдымен, берілгендерді сәйкес көрсеткіштерді есептеудің біртепті әдістемесін, бірдей өлшеу шамаларын, әртүрлі территориялық шарттар жағдайындағы варианттарды салыстырудың

біркелкі өндірістік факторларын қолдана отырып, салыстырылатын түрге алып келеді. Жер сапасының әртүрлілігіне байланысты, мысалы өсімдік өсіру өнімінің 100 г аудандағы шығу көрсеткіштерін кадастрлық бағалауды ескере отырып, ал варианттарды салыстыру барысында машиналар өнімділігін шартты эталондық бірліктермен есептеген дұрыс. Өлшенетін бағалық көрсеткіштерді салыстыру бағалардың индекс – дефляторларларын енгізу, нақты ақшалар ағымын дисконттау жолымен жүзеге асырылады. Әртүрлі коэффициенттерді қолдану мен абсолют көрсеткіштерді салыстырмалы көрсеткіштермен (мысалы, пайыздық) ауыстыру экономикалық салыстыру процедурасын жеңілдетеді.

Орташа шамалар әдісі бақылаулар мен өлшеулер негізінде жасалады, және біркелкі процестер мен құбылыстарды жалпылау үшін қолданылады. Зерттеу мақсатына, табылған алғы шарттарға зерттеудегі орташа шамалар ізделінетін белгілерге байланысты орташа арифметикалық — — қарапайым және орташа өлшенген; орташа гармониялық, орташа хронологиялық және шаманың орташа геометриялық әдістері қолданылады.

Индексті әдіс элементтері өлшенбейтін және тікелей қосындылауға келмейтін күрделі әлеуметтік - экономикалық процестерді зерттеу үшін қолданылады. Индекс бүтін немесе бөлшек түрінде өлшенетін бірлік ретінде құбылыс темпының уақыт бойынша, кеңістіктегі, динамикасының, сондай-ақ негіз ретінде алынған период пен шамаға қатысты өзгеруін көрсетеді. Формалары бойынша индекстер индивидуалды, агрегатты және орташа деп ажыратылады. Белгілері бойынша: өнімділік, бағалық, инфляция индекстері болады. Индексті әдіс жекелеген факторлардың нәтижелік көрсеткіштердің өзгеріс динамикасына ықпалын мөлшерлі бағалауға мүмкіндік береді.

Желілік алмастырулар әдісі белгілі бір фактордың нәтиже көрсеткішінің өзгеруіне басқа факторлардың өзгермеу шартын сақтай отырып, ықпал етуін санмен өлшеуге мүмкіндік береді. Бұл операция факторлардың базистік шамаларын нақты және жоспарлы шамаларымен алмастыру арқылы жүзеге асырылады.

Математика-статистикалық әдістер өндіріс функцияларынан, корреляциялық және регресттік талдаудан тұрады. Ауылшаруашылық кәсіпорындарының шаруашылық іс әрекеті нәтижелерінің бір немесе көптеген өндірістік, экономикалық, технологиялық факторлар мен табиғат жағдайларына тәуелділігін кесте, номограммалар, графиктер, математикалық тендеулер, яғни өндірістік функциялар түрінде өрнектеуге болады. Қорытынды жұмыста өндірістік функцияларды топырақ сапасына, олардың бүліну деңгейіне, себілген тыңайтқыштар мөлшері және қормен, сондай-ақ энергиямен қамтамасыз етілуі бойынша ауылшаруашылық жерлер, әсіресе шабындықтарды қолдану тиімділігін зерттеу үшін; жоспардағы жеміс жидек және өріс өнімділігін негіздеу үшін; орман жолақтарының аудандарын есептеу үшін қолданған жөн. Өндіріс функцияларын сипаттау үшін, оларды математикадан белгілі ортақ немесе бірнеше белгісіздері бар регрессия тендеулері түрінде беретін аналитикалық тәсіл қолданылады. Шаруашылық нәтижеге өндіріс факторларының ықпалына

байланысты регрессия теңдеуі ретінде түзу, парабола, гиперболола теңдеулерін, дәрежелік түр функциясын және т. б. алуға болады.

Өндіріс функцияларын қолдану реті келесі сұрақтарды жүйелі шешімін қарастырады:

1) Белгілі бір факторлар мен жағдайлардың ықпалынан өндіріс нәтижесінің тәуелділігі;

2) Егер факторлар мен өндіріс нәтижелері арасында байланыс болса, онда оның өрнектелуінің аналитикалық формасы қандай;

3) Бұл байланыстың сызықтық және нақты жағдайға жақындығының сандық өлшемі қандай;

4) Табылған заңдылық қаншалықты сенімді, және оны қорытынды жұмыста қойылған мәселелерді шешу үшін қолдануға бола ма.

Жерге орналастыру зерттеулерінде зерттелетін құбылыстар арасындағы толық емес байланыс формасы (корреляциялық) жиі кездеседі, өйткені ол сыртқы факторлардың әсерінен ауытқиды.

Жұптық корреляция бір белгінің екіншісімен, топтық корреляция бір белгінің басқа белгілер тобымен байланысын бейнелейді.

Корреляциялық тәуелділік түрі зерттелетін тәуелділікті айқын бейнелейтіндей етіп барлық алғы шарттар жиынтығын тұрғызып және нүктелердің орналасуы бойынша графикте орналастырылады. Онан әрі ең кіші квадрат тәсілімен теңдеу параметрлерінің сандық мәндерін есептеп табады.

Байланыстың сызықтыққа жақындығын жұптық және топтық корреляция коэффициенттері көрсетеді. Корреляциялық қатынас коэффициенті қабылданған регрессивті тәуелділік нақты статистикалық жағдайға қаншалықты сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Корреляция коэффициенттерінің және корреляциялық қатынастар сенімділігін анықтау үшін стандартты (орташа квадратты) қатені және басқа көрсеткіштерді есептейді.

Өндіріс факторларының шаруашылық нәтижесіне ықпал ету деңгейі детерминация коэффициентін көрсетеді, ал бұл ықпалдың сенімділік шекарасы арнайы кестені қолдану арқылы анықталады.

Қорытынды жұмыста әртүрлі факторлардың өндіріс тиімділігіне әсер етуінің сандық сараптамасын жасау үшін өндіріс функцияларының экономикалық сипаттамаларын шебер қолдана білу маңызды болып табылады. Оларға мыналар жатады: шектік өнімділік, иілгіштік коэффициенті, бір факторды екіншісімен ауыстырылуының шектік нормасы.

Автоматты режимде өндіріс функцияларды шешу үшін «REGRESS» бағдарламасы қолданылады.

Экономика-математикалық әдістер мен модельдер мағынасы тұрғызылған экономикалық процестердің математикалық моделі негізінде ПЭВМ көмегімен шешімдердің оптимал варианттарын табу болып табылады.

Зерттеулерді баланстық әдісі шаруашылық ішкілік жерге орналастыру мәселелерін шешу барысында кеңінен қолданылады, бұл қолда бар ресурстарды және оларды қолдануды өзара байланыстыруға, өндіріс процесінде

олардың арасында қатынас қоюға, белгілі бір уақыт периодында ресурстың дефициті мен шектен асуын анықтауға мүмкіндік береді.

Баланстық әдістің бейнелену түрі — бұл ресурстар мен қажеттіліктерді қамтамасыз ететін көрсеткіштер жиынтығын қамтитын кесте.

Шаруашылық ішілік жерге орналастыру және ауылшаруашылық өндірісінің салаларын жоспарлау баланстық әдіс қажеттіліктер мен оларды жабудың нақты көздерін табудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Баланстың бір бөлігінде өнімді бөлу жоспары, ал келесі бөлігінде берілген өндіріс көлемін қамтамасыз ететін ресурстар көрсетіледі. Жерге орналастыру және пайдалану жұмыстарында бір жылға ең маңызды баланстар, оның ішінде ауылшаруашылық пайдаланылатын жерлер балансы дайындалады. Балансты әдісті пайдалану үлгісі ретінде пайдаланылатын жерлер структурасы мен алаңдарындағы өзгерістерді үйлестіру жүретін шаруашылықтардың трансформациясын жоспарлауды қарастыруға болады.

Пайдаланылатын жерлер мен егіндіктерді дұрыс ұйымдастыруда жемдердің, оның ішінде жайылым периоды ішіндегі ай сайынғы жасыл азықтар балансы маңызды роль атқарады, егіндік айналымы негізінде шаруашылық алаңының балансы жасалады.

Фермерлік шаруашылықтардың пайдаланылатын жерлері еңбек қорлары тапшы болғанда, әсіресе ауылшаруашылық жұмыстарының жүктемелі апталарында, еңбекті қорларының балансы дайындалады. Бұл маусымдық қызметкерлер санын толықтыруға мүмкіндік береді.

Жерлерді жақсарту және көгалдандыру жөніндегі инвестициялық жобалардың бизнес- жоспарын жасауда ауылшаруашылық мекемелерінің жылдық балансы , сондай-ақ өсімдік және мал өсіру өнімдерінің жекелеген баланстары ақпарат көзі болып табылады.

Жоғарыда келтірілген ғылыми әдістердің мәні толығырақ арнайы әдебиеттерде келтіріледі.

7. Студент зерттеу жұмысы ғылыми жетекшісі бекітіп, қол қойған жазбаша ғылыми есеп берумен аяқталады.

Зерттеулердің нәтижелерін студент жұмыстың түсіндірме жазбасындағы тиісті орынға кірістіреді, сонымен қатар графикалық бөлімде олардың бейнелейді.

Қорытынды жұмыс қорғалғанша ең қызықты жұмыстар студенттік ғылыми конференцияларға ұсынылады немесе студенттік жұмыстар конкурстарына жіберіледі.

Бұл жағдайда студенттің зерттеу жұмыстары төмендегі келтірілген үлгідегі ғылыми баяндама түрінде рәсімделеді:

- 1) Кіріспе (зерттеу мақсаты);
- 2) Әдебиеттерге шолу (тақырып сұрақтарының зерттелінгендік сипаттамасымен келтірілген);
- 3) Аналитикалық бөлім (зерттеу мәселелерінің ерекшеліктері, шарттары және факторлары);

4) Баяндаманың жартысынан көбін алатын зерттеу бөлімі (қол жеткізілген нәтижелер);

5) Қорытындылар мен болжамдар.

Жазбаша түрде баяндаманың жалпы көлемі машинка жазбасымен —15—25 беттен тұрады.

IX . Компьютерлік технологияларды қолдану

Жобалау ең тиімді шешімдерді іздеумен, үлкен есептік кестелер көлемімен, жұмыстың графикалық бөлімінің күрделі рәсімделуімен байланысты.

Қорытынды жұмыстарда компьютерлік технологияларды пайдалану бұл мәселелерді шешу жолын едәуір жеңілдетеді. Бұл жерде компьютерлік технологияларды қолдану келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- 1) Графикалық роботтау;
- 2) Электрондық кестелерді қолдану;
- 3) Сызықтық бағдарламалау ;
- 4) Экономика-статистикалық талдау жасау ;
- 5) Шаруашылықаралық (территориалды) жұмыстың жекелеген мәселелерін автоматтандыру.

Графикалық жобалау. Қорытынды жұмыстарда графикалық жобалаудың компьютерлік технологиялары қолданылуға болады. Бұл жерде жалпы жұмыс технологиясы қолданылатын бағдарламалық құралдарға тәуелсіз келесі басты элементтерден тұрады:

- 1) Қорытынды жұмыстың объектінің жоспарлы материалын графикалық файлға енгізу;
- 2) Сапалы растр алу үшін енгізілген бейнелерді (қажет болғанда) редакциялау;
- 3) Қабат бойынша семантика енгізу арқылы бейнелерді цифрлеу;
- 4) Интеграцияланған немесе өзгертілген қабаттар алу;
- 5) Объект бойынша қажетті ақпаратты экранға немесе принтерге шығару (мысалы: объекті, оның сипаттамасын, контурлар ауданын, семантикалық ақпараттарын және т. б. бейнелеу.);
- 6) Цифрленген объектілерді редакциялау (мысалы: объектілердің сыртқы шекараларының өзгеруі және т.б.).

Объект бейнесі стандартты бағдарламалар көмегімен сканер, дигитайзер немесе сандық цифрлік фотокамера арқылы шығарылады.

Бейнелерді редакциялауды Paint, Imaging, Photoshop және т.б. бағдарламалар көмегімен жүзеге асыруға болады.

Ұйымдар территориясының элементтерін цифрлеуді AutoCAD бағдарламасының көмегімен орындаған жөн. Бұл бағдарламалар контурлар ауданын, электронды әдіспен есептеуге, контурлар шекарасын өзгертіп және олардың аудандарын, сызықтар ұзындықтарын, контур тобының ауданын есептеуге, экспликация жасауға, қажетті белгілері бойынша аймақтау жүргізуге және т. б. мүмкіндік береді.

Компьютерлік технологияларды қолдану инженер есептерді кең ауқымда шешуге мүмкіндік береді, мысалы: шаруашылық (фермерлік) шаруашылықтар территориясын ұйымдастыру, ауылшаруашылық ұйымдарының шаруашылықшілік жерге орналастыру жобаларын дайындау; шаруашылықшілік (территориалды) жерге орналастыру жобаларын дайындау; территорияны аймақтаудың әр түрі және т.б.

Электронды кестелер (QuattroPro, Excel және т.б.) – бұл қорытынды жұмыс ақпараттарын әр үлгіде дайындауға – инженерлік және қаржылық есептер жүргізу, жасалған шешімдерді экономикалық негіздеу, оларды графикалық рәсімдеу (диаграммалар, графиктер және т.б.), қорлар базасынан ақпарат алу немесе енгізу, картографиялық ақпараттарды өңдеуге арналған универсалды құрал. Электронды кестелер көпвариантты есептерді қысқа уақыт мерзімі ішінде өткізуге мүмкіндік береді, бұл жерге орналастыру жұмыстарында өте маңызды жағдай болып табылады.

Қазіргі уақытта жерге орналастыру кафедрасында жерге орналастырудағы инвестициялық жобаларды талдауға; фермерлік шаруашылықтар тұрғызуға; жұмысшы учаскелерді негіздеуге арналған электрондық кестелер жасалған.

Электронды кестелер көмегімен ЭММ бойынша стандартты тапсырмаларды талдау жасай отырып қолданып, қорытынды жұмыс мазмұны мен графикалық бөлімін жақсартуға үлкен құралдар арсеналын алуға болады.

Сызықтық бағдарламалау. Қортынды жұмыстың алынған тақырыбына тәуелсіз экономика - математикалық модельдер мен әдістерді қолдану көптеген шешім варианттарын дайындауға мүмкіндік туғызады. Бұл жерде оларды қорытынды жұмыстың басты сұрақтарын шешу үшін пайдаланған жөн.

Жерге орналастыру мәселелерін экономика - математикалық әдістер арқылы шешуді келесі кезеңдерге бөлуге болады:

- 1) Жерге орналастыру мәселелерін қою және оптималдылық критерийлерін негіздеу;
- 2) Структуралық математикалық үлгі дайындау;
- 3) Алғашқы ақпараттарды жинақтау және өңдеу, мәселенің жайылған сандық матрицасын құрастыру;
- 4) Есепті ЭВМ көмегімен шешу;
- 5) Нәтижелерді талдау және шешім тиімділігін анықтау.

Жерге орналастыру мәселелерін қою тандап алынған қорытынды жұмыс тақырыбына және объектке (аудан, шаруашылық) және оның күрделілігіне байланысты. Алдымен мақсатты айқын қисындап алу керек, экономика - математикалық әдістерді қолдану мүмкіншілігін талдап, объекті мұқият зерттеу және оптималдылық критерийлерін сайлап алған жөн. Оптималдылық критерийлері жерге орналастыру мәселесінің экономикалық мақсаттарына сай болуы қажет.

Мәселені экономика - математикалық модельдеуді формулировкалау үшін қорытынды жұмыстың ғылыми жетекшісі ұсынған тақырып бойынша әдебиеттерді білу, типтік экономика - математикалық модельді қорытынды жұмыс тақырыбына келтіріп тандауды және түзетуді меңгеру қажет.

Ғылыми зерттеулер жүргізу барысында және объекттің маңызды ерекшеліктері бар болса, экономика-математикалық мәселелердің қалыптасуы типтіктен өзгеше болуы мүмкін.

Экономика-математикалық әдістер мен модельдерді жерге орналастыруда қолдану мәселенің экономика - математикалық моделіне және қойылуына ықпал ететін алғашқы ақпарат сапасына тәуелді болады. Модель тұрғызу кезінде қандай көрсеткіштер статистикалық, тәжірибелік және нормативті материалдар негізінде алынуы мүмкін екенін ескеру қажет. Экономика - математикалық модель құрастыруда алғашқы ақпарат негізін алдында жиналған материалдар, сондай-ақ, норматив көздері (технологиялық карталар, анықтамалар және ауылшаруашылық жоспарлау нормативтері, осыған ұқсас жағдай үшін тұрғызылған модельдердің технология - экономикалық коэффициенттері және т. б.) құрайды. Алғашқы ақпараттарды жинау, өңдеу және дайындау кезінде алынған шамаларды қорытынды жұмыс жетекшісімен, экономикалық теория және менеджмент, ауылшаруашылық мекемесінің экономикасы мен ұйымдастырылуы кафедрасының консультанттарымен келісіп алған жөн.

Сандық шамамен алынған ақпарат матрица деп аталынатын кестеге жазылады. Ол кеңейтілген экономика – математикалық модельді санмен көркемдеу, есеп шығару және ЭВМ–ге ақпарат енгізу үшін қолданылады.

Экономика - математикалық есеп түсіндірмелік жазбаның дербес бөлімінде баяндалады, жерге орналастырудың белгілі бір құрамдас бөлігі мен элементтерінің экономикалық негізделуінің құрамдас бөлігі болуы мүмкін, және бағдарлама бойынша баяндалады. Бұл жерде студент есептеу операцияларында кездескен ерекшеліктері көрсетілген дұрыс.

Сызықтық бағдарламалаудың симплекстік әдісімен айнымалылары кез келген өлшеу шамасымен, бірақ міндетті түрде бірінші дәрежемен өрнектелетін, айнымалылары өзара сызықтық теңдеулермен және теңсіздіктермен, сондай-ақ сызықты мақсаттық функциямен байланысқан көптеген экономика - математикалық есептер шешіледі.

Екінші тәсіл оптимал жоспарды жаңа шешімдер қабылдамай-ақ тікелей қолмен түзетуді қарастырады. Бұл жерде шешімдерді түзетуге арналған алмастыру коэффициенттері бар, ПЭВМ-нен басып шығарылған соңғы симплексті кесте болуы қажет. Бір немесе басқа тәсілді қолдану дайындалған модельдің шарттарға сәйкестік дәрежесі тәуелді болады және ғылыми жетекші келісімімен анықталады. Жерге орналастырудағы сызықтық бағдарламалау есептері электронды кестелер көмегімен шешіле алады .

Компьютердегі базалар қорына экономика - статистикалық талдау жасау қорытынды жұмыстардағы ғылыми зерттеулердің сыналған әдісі болып табылады.

Ең белгілі және қол жетімді статистикалық пакеттер болып MatchCAD, Эвриста және т. б. табылады. Бұл пакеттер статистиканың барлық облысынан жиналған ақпаратты талдау әдістерінің кең ауқымын қамтиды.

Х. Пайдаланылған әдебиеттер тізімін құрастыру және рәсімдеу

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі кез келген біліктілік жұмысының органикалық бөлігі болып табылады және түсіндірме жазбасының негізгі текстінің (қорытынды) соңында орналасады. Ол ішінен теориялық және әдістемелік мағлұматтар, нақты шамалар жазылған әдеби және INTERNET көзінен алынған ақпарат көздерін іріктеу, пайдалану және талдау жөніндегі автордың жасаған жұмыстарын көрсетеді.

Әдебиеттер көзіне ішінен берілген жұмысқа арнап үзінді жазып алынған барлық оқулықтар, оқу құралдары, мақақалалар, әдістемелік нұсқаулар, немесе INTERNET ресурстар жатады.

Әрбір әдебиет көзін дұрыс сипаттау мақсатында пайдаланылған әдебиеттер тізімінде олардың библиографиялық сипаттамасын беру ережелерін (стандарттарды) сақтаған жөн. Бұл стандарт элементтердің орналасу әдістерін, және бірегей шартты ажырату белгілері жүйесінің қатаң сақталуын қарастырады.

Әдебиеттер көзіне библиографиялық сипаттама беру кезінде келесі шартты ажырату белгілері қолданылады:

- 1) . (нүкте) – нүктемен тақырыпты тақырыпшадан ажыратады;
- 2) . — (нүкте және сызықша) – басылым қайталанғыштығы жөніндегі ақпараттар; басылым (кітап) орнының алдында; кітап беттерінің жалпы санының алдында немесе құжат орналастырылған кітап, журнал, газета, мақала, беттерінің алдында; журналдың (газеттің) шыққан жылы мен номерінің алдында; газеттің айы мен күнінің алдында алдында келтіріледі;
- 3) , (үтір) – басылым жылының алдында немесе авторлардың тегі мен инициалдарының артында келтіріледі;
- 4) : (қос нүкте) – басылым формасы мен бағытын көрсететін басқа тақырыптар немесе тақырыпқа қатысты мағлұматтар; басылым атауларының алдында қойылады;
- 5) / (қисық сызық) – авторлық мағлұмат (жеке авторлар, құрастырушылар, редакторлар, аудармашылар, сонымен қатар авторлық коллективтің тектері);
- 6) ; (нүктелі үтір) – кітап жазуға атсалысқан адамдар тобын басқаларынан бөліп көрсету үшін (авторларды, редакторларды және т. б.);
- 7) // (екі қисық сызық) – мақала, баяндама, тезистер шығарылған басылым (жинақтар, ғылыми еңбектер, журналдар, газеттер) туралы мағлұмат алдында қойылады. Қалалар атынан басқа басылым орнының атауы толықтай атау септігінде келтіріледі, Москва — М, Санкт-Петербург — СПб және Ростов-на-Дону — Ростов н / Д. «Беттер» сөзі қысқартылған түрде жазылады - б.

Пайдаланылған құжаттардың әдебиеттер тізіміндегі орны әрқашан белгілі бір ережеге бағынады. Тізім басында құжаттар мен атқарушы және заң шығарушы өкілдіктері материалдарының библиографиялық сипаттамалары келтіріледі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- заңдар мен кодекстер;
- Қазақстан Республикасы Президентінің жарғылары;

-Қазақстан Республикасы Президентінің қаулылары мен бұйрықтары;
-атқарушы өкілеттіліктердің заңастылық актілері;
-жергілікті жер басқармасының нормативті-хұқықтық актілері;
-алфавиттік ретпен орналастырылған және орыс тілінде шығарылған отандық және шетелдік жұмыстар;
- латын алфавиті бойынша орналастырылған шет тілінде шығарылған кітаптар мен мақалалар.

Алфавит бойынша орналасу реті бойынша материалдың библиографиялық сипаттамалары тектер алфавитінде авторлар тегі немесе авторы көрсетілмеген болса, кітап тақырыбы беріледі. Тектері бірдей авторлар олардың инициалдарының алфавитінде беріледі, бір автор еңбектері — басылымдар тақырыптарының алфавитінде келтіріледі.

Кітаптарды авторларын көрсете отырып сипаттау. Бір автордың кітаптары оның тегінің астында сипатталады, инициалдарының алдында үтір қойылады.

МЫСАЛДАР:

1. Носов, С. И. *Оценка земельных ресурсов для рентного регулирования землепользования [Текст] : учеб. пособие для вузов / С.И. Носов ; под общ. ред. С. К. Шамышева. – М.: Издательский Дом «Русская оценка», 2004 . - 302 с. - 1000 экз. – ISBN 5-902409-20-9.*

2. Комов, Н. В. *Российская модель землепользования и землеустройства [Текст] : учеб. пособ. / Н. В. Комов. – М.: Изд-во ООО «Институт оценки природных ресурсов», 2001. – 622 с.*

Екі немесе одан да көп авторлар кітаптары келесі үлгіде сипатталады:

Тақырып алдында бірінші автор тегінен бастап авторлар тектері ретпен орналастырылады. Авторлық жөніндегі мағлұматтар алдында қисық сызық жүреді, егер мағлұмат төрт немесе одан көп авторлар жөнінде болса, бірінші автор көрсетіліп, соңынан тік жақшада «басқалар» қысқарту сөзі жазылады. [және басқалар].

МЫСАЛДАР:

1 Волков, С. Н. *Землеустроительное работаирование [Текст] : учебник / С. Н. Волков [и др.]; под ред. С. Н. Волкова.– 2-е изд., перераб. и доп.– М.: Колос., 1998.- 632с.; см.- 2000 экз.–ISBN 5-10-003511-0.*

Кітаптарды авторларын көрсетпей сипаттау. Бұл жағдайда кітаптарды тақырып астында басылымға қатысқан ұйымдар мен адамдар (редакторлар, құрастырушылар, аудармашылар) туралы мағлұматтарды қолдана отырып сипаттайды, ары қарай шыққан жері, баспа үйі, шыққан жылы, кітап көлемі, дана саны және кітаптың халықаралық стандарт номері (егер ол әдебиеттер көзінде көрсетілмесе) жазылады.

МЫСАЛДАР:

1. *Ограничения (обременения) прав на использование земельных участков [Текст]: учеб. пособ. / В. Ф. Спиридонов [и др.]. – М.: Государственный комитет Российской Федерации по земельной политике, 2000. – 239 с. – 5000 экз.*

2. *Вехи Российского землеустройства. Время, события, люди [Текст] : коллект. монограф. / С. Н. Волков [и др.] ; сост. С. Н. Волков. – М.: ГУЗ, 2000. - 224 с. – 10000 экз. - ISBN 5-9215-0002-Х.*

7. Жекелеген жинақтар, тезистер, конференция, семинар баяндамаларындағы мақалаларды сипаттау. Біліктілік жұмысында бірқатар жинақтардан, баяндамалар мен тезистерден алынған мақалалар қолданылған жағдайда тек қана осы мақалалар мен тезистер автор фамилиялары мен мақала тақырыбы көрсетіліп пайдаланылған әдебиеттер тізіміне енгізіледі. Басылым жөніндегі мағлұматтарда жинақтың негізгі тақырыптарын, шыққан жылы мен жерін, томның немесе шығарылымның реттік номері (егер бар болса) және мақала басылған беттері келтіріледі.

МЫСАЛЫ:

Волков, С. Н. Современное землеустройство: состояние и перспективы развития [Текст] / С. Н. Волков // Землеустроительная наука и образование XXI века : сб. науч. статей, посвященный 220-летию ГУЗ / Гос. ун-т по землеустройству. — М., 1999. — С. 90–92.

Галкина, О. А. Экономико-экологическая эффективность землеустройства [Текст] / О. А. Галкина ; сост. И. М. Суругина // Проблемы землеустройства и кадров : сб. науч. ст. / Гос. ун-т по землеустройству. - М., 2005. – С. 58-63. - 200 экз. – ISBN 5-9215-0075-5.

Ғылыми еңбектерден (ғылыми еңбектер жинағы мен басқа да жалғасатын басылымдар) алынған мақалалар сипаттамасы. Жалғасатын басылымдардан алынған мақалалардың библиографиялық сипаттамасында автордың тегі мен инициалдары, мақала тақырыбы және басылым туралы мағлұматтар — басылым тақырыбы, шыққан жылы, том номері, том атауы, шығарылым номері (егер бар болса), мақала орналастырылған беттер.

МЫСАЛЫ:

Асташкин, А. П. Об упорядочении терминологии и понятий в землеустройстве [Текст] / А. П. Асташкин, Х. А. Эльмет // Экономико-экологические, технико-технологические и социальные аспекты земельных реформ: сб. науч. тр. / Моск. ин-т. инженеров землеустройства, 2002. - Том 2: Итоги научных исследований сотрудников ГУЗа в 2001г. — С. 95 — 98.

Егер жалғасатын басылымдар номерленбей шығатын болса, онда мақалалар келесі үлгі бойынша сипатталады.

МЫСАЛЫ:

Шубич, М. П., Пронин, В.В. Организация угодий и севооборотов на эколого-ландшафтной основе [Текст] / М. П. Шубич, В.В. Пронин // Региональные особенности землеустройства на современном этапе : сб. науч. тр. / Гос. ун-т по землеустройству. — М., 2005. — С. 55—69.

9. Журналдар мен газеттерден алынған мақалаларды сипаттау. Журнал (газета) мақалаларын сипаттау барысында автор тегін, мақала тақырыбын, журнал (газета) атауын, сериясының номері мен атауын (егер бар болса), мақала орналастырылған беттер, шығарылған даналар номері мен саны көрсетіледі.

МЫСАЛЫ:

Купчиненко, А. В. Научно-методическое обеспечение системы управления земельными ресурсами [Текст] / А. В. Купчиненко // Землеустройство, кадастр и мониторинг земель : н.-практ. журн. / учредитель ОАО <<Агентство <<Роспечать +>> . – 2005, май- . – М.: <<Роспечать +>> , 2005.- С. 12-14.- Ежемес.

2005, № 5.

10. Жерге орналастыру кафедрасының қорытынды жұмыс тақырыптары бойынша ұсынылатын әдебиеттер көзі 11 қосымшада келтірілген.

XI. Студенттің қорытынды жұмысын қорғауға дайындау және қорғау процедурасы

Студент қорытынды жұмысын қорғамастан бұрын Мемлекеттік аттестациялау комиссиясына (МАК) мемлекеттік емтихан тапсыруы тиіс.. Мемлекеттік емтиханға дайындық, сонымен қатар жұмысты қорғауға дайындық болып табылады. Студент жалпытеориялық сұрақтарға салмақты назар аударуы керек. Қазіргі жағдайда жерге орналастыру күрделі және дамып келе жатқан шаралардың бірі болып табылады. Ол өзара тәуелді ғылыми пәндермен қатар оқытылады, сондықтан мемлекеттік емтихан және қорытынды жұмысты қорғау кезінде кез—келген жерге орналастыру пәндерінен сұрақтар беруге болады. Келесі дайындалу формалары ұсынылады: директорат ұйымдастырған шолу дәрістеріне міндетті түрде қатысып тұру, оқулықтарды, оқу әдістемелерін, басқа әдебиеттерді жете меңгеріп оқу, оқытушылардан консультация алып отыру.

2. Аяқталған қорытынды жұмыс студент пен ғылыми жетекшінің қолы қойылған түсіндірме жазбасынан, сызбалардан, кестелерден тұрады. Ол кафедраға студенттің қорытынды жұмысты қорғау күнінен 14 күн бұрын тапсырылуы тиіс. Осы мезгілде жетекшінің қорытынды жұмыс жөніндегі пікірі қоса тапсырылады. Жетекшінің оң пікір беруі қорытынды жұмысты рецензиялауға жіберуге негіз болады.

3. Рецензиялау арнайы жолдама бойынша ғана жүзеге асырылады. Рецензиялауға жолдамамен қатар студент тапсырмасы бар түсіндірме қағазын және сызбаларын ұсыну қажет. Рецензиялау мерзімі үш күннен аспауы тиіс. Рецензия жұмыс нәтижелерінің сараптамасынан және келесі моменттерді қамтуы тиіс: қорытынды жұмыс тақырыбының өндірістік маңызы мен өткірлігі; алғы шарттардың жарамдылығы; жұмыс мазмұнын, оны орындалу әдістемесін және негізделуін, жасалған жұмыс көлемі мен сапасын қысқаша талдау және бағалау; қорытынды жұмыс кемшіліктері және қажетті ескертулер; қорытынды жұмыс ерекшеліктері (егер олар болса); ғылыми зерттеулер элементтерінің барлығы, ЭММ және ПЭВМ қолдану, жұмысты өндірісте қолдануға ұсыну және т.б.

Рецензияда студентке біліктілік беруге бола ма, және қорытынды жұмысқа жалпы баға беру (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық,

қанағаттанарлықсыз). Әдетте рецензия көлемі екі бетке дейін болады. Онда түсіндірме жазбадағы әр бөлім бойынша тоқталуға жөн. Егер рецензент қорытынды жұмысты «қанағаттанарлықсыз» деп бағаласа, онда ол МАК отырысына қатысуға міндетті.

Рецензиялаудан кейін қорытынды жұмысты түзетуге болмайды. Рецензияны қорғаудан екі күннен кем емес уақыт ішінде алғаннан кейін, қорытынды жұмыс толық көлемде Мемлекеттік аттаестациялау комиссиясының отырысында қорғауға жіберілу үшін кафедра меңгерушісіне ұсынылады. Қорытынды біліктілік жұмысына рецензия дайындау үшін рецензентке ұсыныстар 12 қосымшада келтірілген.

4. Қорытынды жұмысты қорғауға дайындау аяқтаушы кезеңнің бірі болып табылады. Ол қорытынды жұмыс мазмұны туралы баяндама жасауды, жерге орналастыруды жобалау мен сабақтас пәндер теориясын және әдістемесін қайталауды қарастырады.

Баяндама жасау оның жоспарын жазудан басталады. Бұл же ұзақтығы 15 минуттан аспау керек екендігін ұмытпаған жөн. Баяндама жоспары қорытынды жұмыстың ғылыми жетекшісімен келісіліп, соңынан толық тексті жазылады. Баяндама нақты және дәл, қорғалатын қорытынды жұмыстың мәнін толықтай ашуы тиіс. Онда жалпылама сөйлемдер, объекттің орналасу аймағының табиғи және экономикалық сипаттамаларының мұқият сипаттамалары болмайды. Баяндамада сан мәндері шамадан тыс көп келтірілмеуі тиіс, негізінен оларды демонстрациялық таблицаларда, диаграммаларда, графиктерде бейнелеу қажет. Баяндамада басты назар қорытынды жұмыста жасалған негіздемелерге, олардың тиімділігіне, іске асыру мүмкіндігіне аударылуы қажет. Баяндама МАК мүшелеріне қорытынды жұмыстың белгілі бір сұрақтарын шешу мазмұны мен әдістерін, жүргізілген ғылыми зерттеулерді айқындап беруі керек. МАК отырысында баяндаманы текст бойынша оқуға рұқсат етілмейді, ол жатқа айтылады.

Студент қорғауға салмақты көзқараспен дайындалуы қажет. Қорғау процесінде студентке оқу барысында игерілген негізгі пәндердің кез келгенінен сұрақтар берілуі мүмкін. Сондықтан жаңа әдебиеттерді оқып біліп жүрген дұрыс. Қорғауға дайындық формасының ең тиімділерінің бірі қорытынды жұмыстың негізгі сұрақтары бойынша студенттік конференцияда баяндама оқу. Қорытынды жұмысты қорғауға дейін студент рецензент ескертпелеріне алдын ала жауап дайындап, оны жетекшісімен келісіп алады.

5. Қорытынды жұмысты қорғау кафедра бекіткен уақыт мерзімінде, көпшілік алдында Мемлекеттік аттестация комиссиясының отырысында өткізіледі.

Түлек-студент қорытынды жұмыс мазмұнын ауызша юбаянап шығуға хұқы бар. Қорғау барысында барлық дайындалған сызбаларды, схемалар, диаграммалар, графиктер мен кестелерді толықтай қолданған маңызды. Бұл баяндаманың оқылуын жеңілдетеді, қорытынды жұмыс мәнін МАК мүшелерімен жете қабылдауға мүмкіндік береді.

Баяндама аяқталғаннан кейін МАК мүшелері және қатысып отырғандар сұрақтар береді, студент қойылған сұрақтарға нақты, дұрыс және толықтай жауап беруі тиіс. Рецензия оқылғаннан кейін студент рецензент ескертпелеріне жауап береді. Бұл жауаптар алдын-ала дайындалып, қысқа және ескерпе мәнін ашуы керек. Жекелеген жағдайда студент өзінің рецензентпен келісетіндігін айта алады. Егер студентке қорытынды сөз берілген жағдайда қысқа сөйлегені абзал.

Қорытынды жұмыс көпшілік алдында қорғалып болғаннан кейін, МАК жабық отырысында қорғауға ұсынылған материалды қарастыруға кіріседі, және қорытынды жұмыс сапасын, баяндаманы, сұрақтарға берілген жауаптарды, жетекші пікірі мен рецензент бағасын, сондай-ақ университетте оқып жүргенде алған білімдерін ескере отырып, дауыс беру арқылы қойылған сұрақтарға берілген жауаптарды бағалайды да, қорытынды жұмыстың және орындалуы мен қорғалуына баға шығарады және студентке академиялық дәреже беру жөнінде шешім шығарады. Хаттамада (егер негіздеме бар болса) қорытынды жұмыста ғылыми зерттеулер элементтерінің барлығы, ЭЕМ-нің қолданылуы, оны өндіріске енгізу туралы ұсыныстар, түлекті докторантураға ұсыну және т.б. атап көрсетіледі.

Қорытынды жұмыс **«Өте жақсы»** бағасына лайық, егер:

- жұмыста тақырып сұрақтары жеткілікті және толық түрде шешілген, нәтижелері жерді рационалды және тиімді қорғауды және пайдалануды немесе ең экономды жерге орналастыру шараларын дайындауды, мысалы экологтыландшафтық негізде территорияны ұйымдастыру жүргізуді, қамтамасыз ететін зерттеулер жүргізілген болса;
- жерге орналастырудың теоретикалық және әдістемелік негіздері білікті, сауатты түрде баяндалған, мекеменің табиғи факторларына және экономикалық жағдайларына терең талдау жасаса, ауылшаруашылық мекемелерінің жұмысына жер орналастыру жұмыстарының кеңістік және агротехнологиялық сипаттамаларына әсер етуін көрсетсе;
- материалдар сәйкес қорытындылар мен ұсыныстар бере отырып логикалық түрде ретімен берілген болса ;
- зерттеу және өңдеу элементтерінің нақты нәтижелері, қорытынды жұмысты өндіріске енгізуге болатындығы көрсетілген жетекші мен рецензент пікірі болса;
- жұмысты қорғау кезінде студент тақырып сұрақтарын терең меңгергендігін көрсетсе, жұмыс және ғылыми зерттеулер берілгендерін еркін қолдана білсе, жерді пайдалану, мекеме территориясын ұйымдастыруды жақсарту, материалды, еңбек және басқа да ресурстарды тиімді пайдалану жөнінде мәнді ұсыныстар енгізсе;
- баяндама барысында жұмыстың графикалық бөлімін (сызбалар, кестелер, схемалар, графиктер және т.с.с.) епті пайдаланса, тақырыпты ашып, қойылған сұрақтарға дәлелді жауаптар берсе.

Мына жағдайда қорытынды жұмыс **«Жақсы»** деп бағаланады:

- жалпы алғанда тақырып мазмұны ашылған, бірақ жекелеген сұрақтар жеткілікті негізделмеген, жұмыс тақырыбы бойынша әдістемелік ережелер сауатты келтірілген, мекеменің табиғи және экономикалық жағдайларына, оның территориясын ұйымдастырылуына жеткілікті түрде талдау жасалған;
 - материал сәйкес қорытындылар шығара отырып, түсінікті жазылған, алайда жұмыс варианттарын талдау жеткіліксіз ;
 - ғылыми жетекшісі мен рецензенттің оң пікірі берілген;
 - қорғау барысында студент тақырып сұрақтарын меңгергендігін көрсетіп, мекеме жұмысын жақсарту, жер ресурстарын тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізген болса.
 - Баяндама кезінде студент сызбаларды, кестелерді, схемаларды графиктерді қолданып, қойылған сұрақтарға қиындықсыз жауап берсе.
- «Қанағаттанарлық»** бағасы келесі қорытынды жұмыстарға қойылады:
- Тақырып сұрақтарының мазмұны жеткіліксіз ашылған, зерттеу элементтері жоқ, теориялық бөлімі жоқ, тек қана тәжірбиелік материалдарға негізделген, жердің қазіргі күйі мен мекеме территориясын бағалауды конструктивті түрде жеткіліксіз жүргізілген, жұмыста материал ретімен келтірілмеген;
 - территория ұйымдастырылуының негізсіз варианттары берілген, немесе олар жеткіліксіз бағаланған;
 - жетекші немесе рецензент пікірінде жұмыс мазмұнына және жерге орналастыру әдістемелеріне айтарлықтай ескертулер бар;
 - жұмысты қорғау үстінде студент өзін сенімсіз ұстап, тақырып мәселелерін жеткіліксіз білетіндігі байқалып, қойылған сұрақтарға толық, дәлелді сұрақтар бере алмады.
- «Қанағаттанарлықсыз»** бағасы мына қорытынды жұмыстарға қойылады:
- тақырып мазмұны ашылмаған, жұмыс атүсті жазылған, жерді пайдалану және мекеме территориясын ұйымдастырудың қазіргі жағдайына жеткіліксіз талдау жасалған;
 - түсіндірме жазбасының структурасы мен мазмұны тапсырмаға сәйкес келмейді және кафедраның әдістемелік нұсқауларында келтірілген талаптарға сай емес;
 - өзіндік дайындамалары жоқ, болжамдалған шешімдер формальды түрде, есептеулерде дөрекі қателер бар;
 - жетекші мен рецензент пікірінде қатаң ескертулер бар;
 - қорғау кезінде студент қойылған сұрақтарға қинала жауап беріп, сұрақ теориясын білмейді, жауаптарында айтарлықтай қате бар, сызбалары мен кестелері толық пайдаланылмаған;
 - қорытынды жұмысты қорғау басына күнтізбелік жоспар орындалмаған.

XII. Біліктілік жұмысының графикалық бөлімін рәсімдеу

1. Негізгі ережелер

